



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№46 (108) 14 қараша 2025 жыл

ЕСЕП БЕРУ ЖИНАЛЫСЫ

Оң бағаларын бергі



Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлерінің жалпы жиналысы болып өтті. Жиынға Іле ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Исаев, округ әкімінің орынбасары Азамат Қожатаев, округ аумағында орналасқан жалпы білім беретін орта мектептер директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары және алғашқы әскери дайындық пәнінің жетекшілері қатысты.

АРДАГЕРЛЕР ҰЙЫМДАРЫНДА

ЦЕХТЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ТӨРАҒАЛАРЫ САЙЛАНДЫ

Алатау қаласы Жетіген бекетінің №4 орта мектебінде теміржолшы ардагерлердің жиналысы болып өтті. Бұл шараға Алматы аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы Дуан Умаров, төраға орынбасары Шалабай Жантайлақов, Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев, Қапшағай желілік ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұратбай Нағметов қатысты.

Жиналысты кіріспе сөзбен ашқан Алматы аймақтық ардагерлер кеңесінің төрағасы Дуан Умаров: «Сіздер өмірлеріңізді теміржол ісіне арнадыңыздар. Бүгінгі ұрпаққа баға жетпес тәжірибелеріңізді үйретіп, кәсіпке деген жауапкершілік пен адалдықтың жарқын үлгісін көрсете білдіңіздер. Сіздердің арқаларыңызда теміржол көлігі еліміздің экономикасының сенімді тірегі әрі күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігі болып қалыптасты. Зейнеткерлікке шыққан сіздерді «Қазақстан темір жолы» АҚ ұлттық компаниясы ешқашан ұмытқан емес. Ұлттық компания 2024 жылғы 5 маусымдағы №418 және 2024 жылғы 18 қазандағы №791-цз бұйрығы бойынша 70.80.90,100 жасқа келген ардагерлерді есепке қою арқылы түрлі әлеуметтік-тұрмыстық жеңілдіктер қарастырып келеді», - деді.

Төрағаның айтуынша, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен оның еңбек ұжымы арасындағы ұжымдық шарттың 8-бөлімі – Компания зейнеткерлеріне арналған әлеуметтік пакет. Онда соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлеріне және қарапайым зейнеткерлер-



ге қатысты жайттар қамтылған. Атап айтқанда, Жеңіс күнін тойлау қарсаңында Ұлы Отан соғысына, Қатынас жолдары халық комиссариаттарының арнайы құрылымдарына қатысушы болып табылатын зейнеткерлерге 30 АЕК мөлшерінде материалдық көмек, сондай-ақ компанияда есепте тұрған ҰОС ардагерлеріне айына 50 кВт есебінен тұтынылған электр энергиясы мөлшерінде ай сайын материалдық көмек көрсету қарастырылған.

Сонымен қатар теміржол көлігіндегі еңбек өтілі кем дегенде 25 жыл зейнеткерлерге, сондай-ақ жұмыс өтіліне қарамай, өндірістік жарақаттану оқиғалары бойын-

ша Күн тәртібіне сәйкес, «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Мұхамед-сұлтан Тамабектің, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Жанар Орманбаеваның және осы жолдардың авторы Дәулетбай Жамалбековтің 2025 жылы атқарған жұмыстары туралы есепті баяндамалары тыңдалып, талқыланды.

Жиын Әмзе Әлдибекұлының төрағалығымен өтті. Сөйлеушілер есепті баяндамалар бойынша бір ауыздан оң бағаларын бере отырып, ұтымды ұсыныстарын да жеткізіп жатты.

Қорытынды сөзінде Әмзе Әлдибекұлы жастар тәрбиесі, ұлттық құндылықтарымызды, салт-дәстүрімізді насихаттап, дәріптеу мақсатында өте ауқымды жұмыстардың атқарылғанын атап өтті. Жиналыс қорытындысы бойынша шешім қабылданып, іс-шаралар бекітілді.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,
Ащыбұлақ ауылдық округі
ардагерлер ұйымының төрағасы.
Іле ауданы.

ша 1 және 2-топтағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты жұмыстан шыққан зейнеткерлерге, олар 70, 80, 90 және 100 жасқа толған кезде 7 АЕК мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек көрсетіледі.

Одан басқа да «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапатталғандарға, басқа да зейнеткерлерге компанияның бөлінген бюджеті шеңберінде жиырма төрт айда бір рет тіс протездеуге кеткен шығындары, теміржол көлігімен жылында бір рет бару-келу шығындары өтеледі. Үш жылда бір рет сауықтыру орындарына жолдама беріледі екен.

Жиынның күн тәртібінде ұйымдастыру мәселесі қаралып, Жетіген теміржол бекетінде цехтың ұйымның төрағасы болып Лена Яковлевна Вобровская сайланды.

Осындай жиналыс Қосқұдық бекетіндегі №9 орта мектебінде өтіп, Қонаев қалалық ардегерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Оралбаев Қосқұдық бекетінде теміржолшы ардагерлерге арналған ескерткішті жаңғырту жұмыстарын бірлесіп атқару, ауыл көшелерін жарықтандыру, көгалдандыру жұмыстарына ауыл жастары мен мектеп оқушыларын «Таза Қазақстан» акциясына орай кеңінен тартып, оған белсене қатысуға шақырды.

Жиналысқа қатысқан Жаңабай Шыныбаев, Нұртай Ченгербаев, Өмірбай Журинов өздерінің ой-пікірлерін ортаға салып, цехтық теміржолшы ардагерлер ұйымының төрағалығына Жұмабай Үркімбаевты ұсынды.

Заңғар АЛТАЙ.

АПТА ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Есеп беру жиналыстары өтуде

Іле ауданы

Іле ауданы бойынша бастауыш ардагерлер кеңестерінің төрағалары, «Асыл ана» қоғамдық бірлестіктерінің төрайымдары және «Алатау жастары» ұйымының төрағалары жылдық есеп беру жиынында бас қосты.



Атап айтқанда, Боролдай кенті, Ащыбұлақ, Байкент, Қараой, А.Токпанов, Ақсай ауылдық округтерінің төрағалары бір жыл ішінде атқарылған жұмыстарын қорытындылап, халық алдында өз есептерін берді.

Іс-шараға Іле ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмзе Исаев арнайы қатысып, ұйым жұмыстарының сапалы жүргізілуіне оң бағасын берді.

Жиында округ төрағалары мен «Асыл ана» төрайымдары өз есептерінде тиісті жоспар бойынша атқарылған игі істері, қоғамдық белсенділіктері жайына кеңінен тоқталып, ел бірлігі мен ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға бағытталған іс-шараларды кеңінен баяндады.

Мерейлі де мағыналы кездесуде алдағы міндеттер де назардан тыс қалған жоқ.

Әсіресе 2026 жылға «Алатау ардагері» газетіне жазылу мәселесі кеңінен талқыланды. Ауыл ақсақалдары мен жиналған қауым осы басылымның қоғамдағы рөлі зор екенін атап өтіп, ақпарат құралдарына қолдау көрсету қажеттігін бір ауыздан қуаттады.

Өз сөзінде Іле ауданы Ардагерлер ұйымының төрағасы Ә. Исаев баспасөздің, әсіресе ардагерлер тыныс-тіршілігін насихаттайтын газеттің халық үшін маңыздылығына ерекше тоқталып, «Газет – тек жаңалық жеткізуші ғана емес, өткен мен бүгінді жалғап, ұрпақ сабақтастығын сақтайтын рухани көпір. Оны бағалау – өз түп-тамырымызға құрмет көрсету» деп, тұщымды ойымен бөлісті. Ол ардагерлер мен ауыл тұрғындарын мерзімді басылымдарға жазылуға белсенді атсалысуға шақырып, ақпарат кеңістігіндегі елдік рух пен дәстүр сабақтастығын сақтаудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, бастауыш кеңестер төрағаларының жыл бойғы еңбектеріне жоғары баға беріп, атқарылған жұмыстардың маңыздылығына баспа назар аударды.

Жиын қорытындысында көпшілік баспасөзге жанашырлық танытып, «Алатау ардагері» газетіне жазылу науқанын толық қолдауға ниетті екенін білдірді.

Алатау қаласы

2025 жылдың 3-10 қазан аралығында кесте бойынша Алатау қаласының 12 ықшам ауданын тұрғындарымен кездесу барысында қорытынды есеп беру жиналысы өткізілді.



Жиналыста 2025 жылғы атқарылған жұмыстар жөнінде есеп беру, 2026 жылға арналған жоспар жобасын бекіту және «Алатау ардагері» газетіне жазылу секілді үш мәселе қаралды.

Берілген кесте бойынша «Еңбек», «Құйған», «Жаңа дәуір», «Жаңаталап», «Ынтымақ», «Арна», «Заречный», «Қоянқос» ықшам аудандарында өткізілген жиналыстарда «Ардагерлер», «Асыл ана» қоғамдарының мүшелері өздері атқарған жұмыстары туралы мәлімет берді.

Сонымен қатар ауыл тұрғындары газетке жазылу мәселесін бір ауыздан қолдады.

Көкеев ауданы

Кеген, ауданының барлық ауылдық округтерінде бастауыш ардагерлер кеңестерінде зейнеткерлердің, белсенді азаматтардың, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі мүшелерінің қатысуымен 2025 жылы атқарылған жұмыстар бойынша есеп беру жиналыстары өтуде.



Атап айтқанда, мұндай шаралар Қарқара, Тасашы, Жылысай, Ұзынбұлақ, Бөлексәз,Тұйық, Шырғанак, Алғабас, Жалағаш, Қарабұлақ, Саты ауылдық округтерінде болып өтті. Есеп беру жиналыстарында ауылдағы қоғамдық тәртіпті сақтау, жастарға өнеге көрсету, ұлттық дәстүрлерді насихаттау және тұрғындар арасындағы бірлікті нығайту бағытында атқарылған іс-шаралар туралы баяндалды. Сонымен қатар, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына ардагерлердің қосқан үлесінің зор екендігі атап өтілді. Жиналысқа қатысқандар бастауыш ардагерлер кеңестерінің жұмысына бірауыздан қанағаттанарлық деген баға берді.

БАСПАСӨЗ-2026

«Алатау ардагері» – рухани мектеп!

Цифрлық дәуірде интернет пен басуәметтік жмәлер дамығанымен дәстүрлі баспасөз өз бөдәлін жоғалтқан жоқ. Керісінше, оқырман нақты, сенімді ақпаратты мерзімді басылым санаған газеттерден іздейді. Баспасөз-қоғам өмірінің айнасы, халық пен билік арасындағы шешімін бірге іздейді. Әсіресе аймақтық басылымдар жергілікті халықтың тыныс-тіршілігін, ел ішіндегі жақсы істер мен тұлғалардың сіңістің көрсету арқымы сәлң ұлттық бірестейлігін нығайтуд.

Адамзат тарихында сөздің құдыреті қандай болса, баспасөздің де мәні сондай. Ойткені баспасөз-халықтың үнін билікке, биліктің ойын халыққа жеткізетін құрал. Баспасөздің сапасы оның мазмұнында. Терсең тадау, байыпты пікір мен сенімді дерек тек кәсіби журналистика арқылы беріледі. Баспасөз қоғамның айнасы ғана емес, оның ар-ожданы.

Сондай аймақтық басылымдардың бірі 2023 жылы ашылып, өз оқырманының аудиториясына бет алған Алматы облыстық «Алатау

ардагері» газеті дер сәім. Халықтың сөзін сойсып, сәлң мүдәсін қорғау бұл күндері осы басылымның миссиясы болып отыр. Қазіргі уақытта атты аталып отырған осы басылым ардагерсәлң өмір жолын, сіңістің насихаттап қана қоймай, жастарға өнеге көрсететін, оларды отансүйгіштікке тәрбиәсәлңтін рухани мәктәпке айналған. Мұндай басылымдар ұрпақтар арасындағы байланысты бекітіп, сәлңандылық пен азаматтық жауапсәлңшілікті қалыптастырады. Мұндай басылымдар арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасып, қоғамның моральдық тіреті нығаады.

Осы тұрғыдан кәлғәңдәс облыстық «Алатау ардагері» газетіне жазылу тек ақпарат алу ғана емес, осы газет арқылы қоғам өміріне белсенді араласу, ел рухын газет арқылы қолдау деп түсінсін.

Мен-Балқаш ауданының ең түпкірінде жатқан ауылдың ақсақалымын. Осы газет арқылы мен облыс көлеміндегі ардагерсәлңдң тыныс-тірлігінен өзме қажетті ақпарат, хабар алып тұрамын. Облыс көлеміндегі мен бұрын білместен тұлғалардың өмір жолдарымен, еңбек өткен жылдарымен танысамын. Жеті сайын осы газетті күтетінім де сондықтан шығар.

Баспасөзсіз қоғам-үңсіз қоғам. Үл үңсіз қоғам-дамымайтын қоғам. Сондықтан әр азаматтың парызы-шынайы ақпаратты қолдау, рухани құнадылықты қаірәсу. Баспасөздіңбір өкілі санаған «Алатау ардагері» өткен мен бүгінді, үлкен мен кішіні, ардагер мен жасты жалғайтын алтын көпір. Осы тұрғыдан кәлғәңдәс мен барлықтарыңызды осы газетке жазылуға шақырамын!

Дархан ЕРБОСЫНОВ,
ардагер ұстаз.Қараой ауылы.Балқаш ауданы.

Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, сәлңандылыққа,имандылық пен ибалыққа тәрбиәлеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты газет өмірге жол тартты. Ардагерсәлңдң тол басылымына қолдау көрсетеміз десеніздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы -
6371,52 теңге

Алты айға жазылу бағасы -
3185,76 теңге

Индексі- **65472**

ҚҰРМЕТ

Көше майдангердің атында

Күні кеше ғана елімізде кеңінен аталып өткен Ұлы Жеңістің 80 жылдық және ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойлары әлі аяқтала қойған жоқ. Жылдың аяғына дейін жан сүйсіңтер жақсы істермен жалғасын тауып келеді. Халықтың жанына жақын болып кеткен мұндай атаулы күндер ешқашан да естен шықпайды. Бұған көлденең тартар дәлеліміз де жетерлік.

Таяуда ғана Қарасай ауданындағы Іргелі ауылдық округіне қарасты «Көксай» ауылында ауыз толтырып айтарлықтай салтанатты жиын болып өтті. Ол осы ауылдың тұрғыны, Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері, марқұм Садыхан Дүйсембаевтың атына берілген көшенің ашылу рәсімі еді. Осыған жиналған халық қарасы да көп болды. Бұл дегеніңіз, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай майдангерге көрсетіліп жатқан орасан құрмет екенін оны тірлігінде көзі көріп, жақсы қарым-қатынаста болған адамдар жеріне жеткізе айтты. Сонымен бірге осы көшенің оның атына берілуіне мұрындық болып, елеулі еңбек сіңірген Іргелі ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Егінбек Егеубековке ақ ниетті алғыстарын білдірді.

Шынында да ел басына күн туған соғыс сойқанының отты жылдарында Садыхан Дүйсембаев Мәскеу



түбінде атты әскердің сапында болып, майданның алғы шебінен табылып, табандылығымен талай ерліктерімен көзге түседі. Жасаған ерліктері де ескерусіз қалмайды. «Ұлы Отан соғысының бірінші дәрежелі» орденімен, «Ерлігі

үшін», тағы басқа да марапаттарға ие болады. Оқ пен оттың ортасында жүрген ол 1943 жылы бір қолынан жараланып, дәрігерлік комиссия анықтамасымен ІІІ-ші топтағы мүгедек болып, еліне қайтарылады.

Туған ауылына оралған соң да ол қарап жатпайды. Шаруашылықтан шопан атаның ақ таяғын қолына алып, қой бағуды кәнігі кәсібіне айналдырады. Еңбегі де жеміске кенеледі. Қоғамдық мал басын аман алып қалумен қатар, төл алу мен жүн өндіру жоспарын үнемі артығымен орындап отырады. Абыройы да асқақ болады. Садыхан Дүйсембаев 1969 жылға, зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін қол үзбей қой бағумен айналысды. 80 жасында дүниеден өтеді.

Соғыс және еңбек ардагері Садыхан Дүйсембаев ұрпақсыз да емес. Артында бес баласы қалады. Қазір олар өз алдарына түтін түтетіп, бір-бір үйдің тұтқасын ұстап отыр. Еңбектен де құралақан емес. Әрқайсысы өз кәсіптерімен айналысып, ата-аналарының немерелері мен шөберелерін аялы алақандарына салып, тәлімді тәрбиелерін беруде. Олар әкелерінің атына берілген көшеге дән риза болып, қалың қауымға арнайы ас беріп, халықтың алғысына да бөленді.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
журналист.
Қарасай ауданы.

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

АЗАМАТ ЖАЙЛЫ АЙТСАҚ...

«Адамның жақсы болуы-тәрбиеден, тәрбиесізден білімді адам шықпайды» деп Абай ағамыз дәл айтқан екен. Бұл ұғым Талғар ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, спорт шебері, Талғар аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы, биылғы жылы 75 жылдық мерейлі жасқа толып отырған Бекбосынов Матан Рахымбергенұлына арналады.

Өмірге келген әр пенденің өмірі өзіне тарих, әрине бұл дұрыс та шығар. Балалық шағың, бозбалалық уақытың әрмен қарай өмір ағысына ілесіп, ғұмырың тізбектеліп жалғаса береді. Әркім өз өмірін, тарихын жеке өзі жасайтыны белгілі. Адамға ата-анасы, қоғамы, қоршаған ортасы, алған тәрбиесі, білімі, қабілет дарыны, мінез-құлқы әсер етіп өзгертуі мүмкін. Қай бағытта өмір сүру, қандай жолды таңдау әркімнің өз еркінде. Өмір жолы-қиын бұралаң мен қалтарысы бар, қызығы мен шыжығы қатар жүретін кезең. Өмір адамның қателігін кешірмейді. Тек сол сәтте түзеп, қайтадан әр қадамыңды дұрыс, нық аттасаң, бақыт та, қуаныш та бәрі алдыңнан шығатыны анық.

«Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» деп хакім Абай айтқандай, бұл ақылды, нақылды ұғатын да, құлағына ілмейтін де пенделер бар. Аласапыран өмірде жақсыны да, жаманды да көзбен көріп, құлақпен естіп, баға беріп, саралап ой түйесің. Қоғамдағы, айналадағы болып жатқан өзгерістерге қуанып, көңіліңнен шыққанды құптап, дөтке қуат етіп, үмітпен өмір сүресің. Бүгінгі дамыған заманда әлеуметтік желі бүкіл қазақтың бетке ұстар азамат, азаматшаларының, өнер адамдарының, ел алдында жүрген, халық сыйлайтын ұл-қыздарымыздың өмір тарихы, еңбектегі өсу жолы, атақ дәрежесі тайға таңба басқандай ел құлағына құйылып, таныстырылатын болды. «Халық айтса, қалт айтпайды» дейді дана халқымыз. Кімнің кім екенін, жетістікке қалай жеткенін білетін болды. Сондықтан кімге болса да, халық берген атақ, елдің құрметі мемлекеттен алған марапаттардан артық деп түсінгені абзал. Елдің көңілінен шығып, сыйлайтын, қадірлейтін ұл-қызы халқына еңбегі сіңген, тілін, дінін жақсы білетіндер көп болса, мемлекеттің көсегесі көгерер еді.

Халық өкілі ретінде әркім өз еліндегі, ауданындағы көпшілік алдында жүрген азаматтардың еңбек

жолын бір кісідей біледі. Ес біліп, өмірді ұғына бастағаннан бастап, алдындағы ағаларды, артындағы інілерді байқап, бағамдап келеміз. Тіршіліктегі қатар құрбы, аға буындар сараланып, салиқалы ата-әже болса, кейінгілері солардың ізін басып келеді. Сондай ел ағасы-аудан ақсақалы дәрежесіне көтерілген Талғар аудандық Ақсақалдар алқасының төрағасы Матан Рахымбергенұлы.

Матан ағамыз адал еңбекпен тіршілік еткен Рахымберген ағамыздың алғашқы перзенті болатын. Ежелгі салтымыз бойынша атасы Бекбосынның, апасы Рәуияның немересі болып, еркелеп өсті. Ауыл тіршілігінің бел ортасында ғұмыр кешкен, еңбекпен көзін ашқан әке-шешесі ұлдары Матан, Құдайберген, Тұрсынғалидан зор үміт күтіп, ел сыйлайтын, адал еңбекпен бақытын табатын азамат етіп тәрбиелеуді басты назарда ұстады. Оларды кішкентай кезінен еңбекке баулып, отбасындағы жұмыстарға малды бағу, қора жайды тазалау, жаз кезінде шөп шабу, жеміс-жидек, бау-бақша өсіру тәрізді жұмыстарға жегіп, еңбектің дәмін бала кезден үйретумен болды. Қолдары қалт ете қалса, доп қуалап кететін Матан мен Құдайбергенге жоғары білім беріп, ауылшаруашылығы мамандары болуларын армандады. Ұлдары есейе келе әркімнің өз қалауы жеке-жеке қызығушылығы болатыны байқалды. Әсіресе, Матанның спортқа деген сүйіспеншілігі ерекше еді. Ертелі-кеш жұмыстан қолы босай қалса, үйді айналып барып, әртүрлі спорт жаттығуларын жасап, ертемен жүгіруді әдетке айалдырды. Кеңес кезінде спорт үйірмелері шектеулі еді. Солардың ішіндегі көп насихатталатыны, балалардың қызығатыны грек-рим күресі еді. Матан да бір топ сыныптасымен грек-рим күресінен жаттықтырушысы Никифоров Анатолий Федоровичтің алдына барды. Бірінші күннен білікті жаттықтырушы әр баланың қабілетін байқап, жеке-жеке тапсырмалар беріп, жаттықтыра бастады. Спорт-



ты ойын деп қабылдаған кейбір жеткіншектер арада біраз өткенде іріктеле бастады. Біреулер жаттығуға шыдамай, басқалары еріншектікпен қашып, әртүрлі сылтаулар айтып, табанын жалтыратты. Көзі қырағы жаттықтырушысы Матанды көп баланың ішінен денесі шымыр, қарсыласынан қайтпайтын, дене бітімі палуанға келісті екенін біліп, ерекше назарға алды. Тәжірибелі маман қателеспепті. Үзбей жаттығудың арқасында аз уақыттың ішінде Матан шаршы алаңға атойлап шабатын, қарсыласын қапы қалдыратын, боз кілемде ерекше қимылдайтын палуанға айналды. Облыс, аудан көлеміндегі жарыстарда топ жарып, жауырыны жер иіскемей, өз салмағындағыларды бірінен соң бірін сан соқтырып жатты. Үзбей жаттыққаннан арқасында грек-рим күресінен «Спорт шебері» нормасын орындады. Алдағы уақытта мектеп бітіріп, аттестат алған кездегі мамандық таңдауда кім боламын деген сұрақ көкейде тұрды. Әкесі Рахымберген малмен көзін ашқандықтан, Матанды да, Құдайбергенді де сол кезде сұранысқа ие болған мамандықтарды оқуын қалады. Дастархан басында кейбір әңгімелерде әкесі ата-бабамызда батыр болса да, палуан шыққан жоқ деген кейіс әңгімелер айтып жүрді. Бірақ, дегенінен қайтпайтын ұлы Матан спортты, күресті жаны қалады. Сол жылы Матан бұрынғы «Дене шынықтыру институты», қазіргі Спорт Академиясына қабылданды, інісі Құдайберген малдәрігерлік институтының студенті атанды. Студенттік өмірдің алғашқы айларында Омбыдағы оқу орнымен Алматыдағы академияның ара-

БАЙҚАУ

2025 жылдың 3 ақпанынан бастап өз жұмысын бастаған Балқаш ауданының «Белсенді ұзақ өмір орталығы» аз ғана уақыт ішінде үлкен жетістіктерге жетіп, облыс көлемінде өз орнын айқындап үлгерді.



ҮЗДІК ФИЛИАЛ АТАНДЫ

Орталық қызметкерлері облыстық «Белсенді ұзақ өмір орталығының» ұйымдастыруымен өткен түрлі бағыттағы байқауларға белсене қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Нұсқаушылар арасында өткізілген байқаулар қорытындысы бойынша шахматтан бас жүлде, жадты нығайту байқауынан бас жүлде, скандинавиялық жаяу жүруден I орын, психологтар байқауынан II орынды иеленді.

Сонымен қатар, қызмет алушылар арасында карттар күніне орай Есік қаласында өткен облыстық өнер байқауында аудандық орталық ұжымы «Үздік хор ұжымы» номинациясын жеңіп алып, жалпы қорытынды бойынша жүлделі I орынды иеленді.

29 қазан күні «Әлеуметтік сала қы-

зметкерлер» күніне арналған мерекелік кеште Балқаш ауданының «Белсенді ұзақ өмір орталығы» жыл бойы атқарған нәтижелі еңбегі мен байқаулардағы жетістіктері, сондай-ақ құжаттарды мониторингілеу көрсеткіштері бойынша «Жылдың үздігі-2025» атағына лайық деп танылды. Ұжым арнайы дипломмен және бағалы сыйлықпен марапатталды.

Бұл жетістіктер-ұжымның бірлігі мен кәсіби шеберлігінің, қызмет алушылармен жүйелі жұмысының және салауатты өмір салтын насихаттаудағы табанды еңбегінің жемісі.

Ләззат БАЙШКОВА,
«Белсенді ұзақ өмір орталығының» әлеуметтік жұмыстар жөніндегі маманы.
Балқаш ауданы.

тың депутаты болып сайланды. Қазіргі кезде Талғар ауданының Құрметті азаматы, мерейлі мерекелерге байланысты берілген марапаттары баршылық. Бүгінгі күндері аудандағы ардагерлерді ұйымдастырып, оларды айтулы даталарда құттықтау, облыс көлемінде өтетін әртүрлі шараларға қатыстыру Матан Рахымбергенұлының еншісінде. Матанның жетекшілігімен аудан ардагерлері қасиетті орындарға Түркістан, Тараз, тағы басқа қалаларға, облыс аудандарында өтетін акын-жазушылардың мерейлі мерекелеріне, Кеген ауданындағы Қарқара жайлауында болатын жыл сайынғы «Қымызмұрындық» тойының қонағы болады.

Қазақ «ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деп айтқандай, тәрбиенің бастауы тектілік ұғымы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Әкесі Рахымберген қажы-сонау Кеңес дәуірінде бес уақыт намазын қаза қылмай, Құранды жаттап өткен сақа қария. Өткен ғасырда бүкіл жамағат исламға бет бұрған кезде алғаш рет қаладағы балабақшаны имандылық үйіне, яғни, мешітке айналыдыруға себеп болған қажылардың бірі еді. Талғардағы Түрік ағайындардың демеушілігімен салынған, өзі іргетасын қаласқан алғашқы имамы болған мешіт «Рахымберген қажы мешіті» деп аталады. Сол кездегі жатталған Құран, оқылған намаз, тәрбиелеген шәкірттері еңбегін ақтады. Қажының ұлдары Құдайберген Бекбосынов-ғылым кандидаты. Алматы облыстық ауылшаруашылығы бөлімінде басшы қызметінде болып, зейнетке шықты. Сүт кенжесі Тұрсынғали Ішкі Істер бөлімінде қызмет атқарып, зейнетке шыққан соң, №16 орта мектепте әскери дайындық мұғалімі. Міне, шағын ғана қазақ отбасынан шыққан, дұрыс тәрбие, білім алған ұрпақтың жеткен нәтижесі осындай.

Биылғы жылы 75 жылдық мерейлі жасқа толған Матан Рахымбергенұлы аудан, ауыл сыйлайтын, ел қадірлейтін ақсақалға айналды. Мұның бәрі менің көз алдыма өткен нәтижелі еңбекпен, ата-анадан алған тәрбиенің көрінісі деп білеміз. Матан ағамыз өзінен тараған ұлы Сағындық пен келіні Анар және 5 қыздан немере-шөбере сүйіп, Шайымхан жеңгеміз екеуі бақыттың назарында, ұл-қыздарының назарында бақытты ғұмыр кешуде...

Тұрсынқожа ТҮРЛЫБЕКОВ.
Талғар ауданы.

● КРУГЛЫЙ СТОЛ

Сильная Армия – сильный Казахстан! Любите Родину – Отан!

На днях в микрорайоне Жетыген города Алатау прошло интересное мероприятие. В средней школе № 5 по инициативе педагога-организатора, учителя начальной военной и технологической подготовки Кайрата Ауельбекова состоялся «круглый стол».

На встречу были приглашены солдаты, сержанты и офицеры воинской части № 53975. К слову, именно эта часть весной текущего года принимала участие в масштабных военно-патриотических играх «Айбын – 2025», в которых соревновались все школы городского отдела образования.

Тему «круглого стола» организаторы обозначили так: «Аман болып – аман келу. Біз әскерден қашпаймыз» («Пойти и вернуться здоровым. Мы не боимся воинской службы»).

Модераторами встречи выступили педагоги-психологи Загира Таженова и Айжан Омарова.

Среди почётных гостей мероприятия были: начальник объединённого отдела по делам обороны Илийского района и города Алатау майор Кайрат Исаев; инспектор этого же отдела Назгуль Мукажанова; заместитель командира по воспитательной работе войсковой части № 53975 майор Руслан Ганин; старший специалист юридического отдела аппарата акима города Алатау Курал Гасыржан; директор школы № 5 Дина Кушкбаева, а также учащиеся 10–11 классов, солдаты и сержанты упомянутой воинской части.

Военнослужащие при помощи подготовленных видео- и слайд-материалов рассказали о распорядке дня в своей воинской части. Они показали, как обустроена казарма, как проходит учебный процесс, занятия по тактико-строевой подготовке, а также как военнослужащие проводят свободное время.



Подытоживая встречу, младший сержант воинской части Галымжан Кехан отметил:

«Я горжусь тем, что служу в армии и выполняю свой долг перед Родиной. Армия, безусловно, воспитывает дисциплину, взаимовыручку и ответственность».

Кроме того, сержант рассказал, что солдаты, прошедшие срочную службу, имеют ряд льгот и преимуществ на «гражданке».

Школьники тоже не остались простыми слушателями – они активно участвовали в диалоге, задавали военным интересующие их вопросы. Атмосфера встречи была дружеской и открытой.

В завершение мероприятия участники сделали коллективный снимок на память, а гостям были вручены благодарственные письма и памятные подарки – наручные часы.

Мы попросили поделиться своим мнением организатора встречи, учителя начальной военной и технологической подготовки школы № 5 Кайрата Ауельбекова.

Он отметил: «Я считаю, что эта встреча была обоюдно полезной. Одно дело, когда на уроках НВП ты рассказываешь

о воинской службе, и совсем другое – когда сами солдаты и сержанты становятся лекторами. Вопросы наших ребят были не формальными, а по-настоящему актуальными.

В наших планах – организовать ответный визит, экскурсию в воинскую часть.

В любом случае, служба – это важная часть формирования личности настоящего гражданина Казахстана. Служили мы, служили наши отцы, воевали наши деды. Это преемственность поколений, это патриотизм, это священный, как мы говорим, долг каждого казахстанца».

Во время встречи был затронут и важный вопрос, связанный с государственной поддержкой военнослужащих. Как отметил Кайрат Ауельбеков, наш Президент, Верховный главнокомандующий Вооружённых Сил Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев в прошлом году издал специальный Указ о военнослужащих.

Согласно этому документу, граждане, прошедшие армейскую службу, имеют право поступать в вузы на бесплатной основе – без сдачи ЕНТ. Это решение, по словам педагога, значительно повышает престиж и привлекательность военной службы, ведь сильная армия – это сильный Казахстан.

«Пользуясь случаем, хочу через вашу газету выразить искреннюю благодарность солдатам и командованию воинской части № 53975 за сотрудничество и активное участие в патриотическом воспитании молодежи», – добавил Кайрат Ауельбеков.

В заключение хочется напомнить молодому поколению слова легендарного офицера, участника Великой Отечественной войны, Народного Героя Казахстана и Героя Советского Союза Бауыржана Момышулы:

«Молодёжь должна быть воспитана на благородных традициях».

Традиция – это не мёртвая реликвия прошлого.

Это – боевое, могучее оружие, выкованное и отточенное в прошлом для великих битв настоящего и будущего».

Рамазан ЕЛЕШЕВ,
г. Алатау.

● «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН» АКЦИЯСЫ

САЯБАККА КӨШЕТТЕР ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ

Жақында Бакбакты ауылдық округінде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясын жүзеге асыру мақсатында ауыл орталығында орналасқан Ұлы Отан соғысы және еңбек ардагері Алтынбай Сәтбаев атындағы саябаққа 100 дана шырша, 100 дана ақ қайын және 100 дана әртүрлі табиғи ағаш көшеттері отырғызылды.

Ауыл тұрғындарының демеушілігімен ұйымдастырылған іс-шара барысында жастар қауымы ауыл қарияларының ақыл-кеңестеріне мұқият құлақ түріп, ағаш көшеттерді отырғызу жұмыстарында ерекше белсенділік көрсетті.

Аталмыш акция аясында ұйымдастырылған шарада «Құрмет» орденінің иегері, Балқаш ауданының Құрметті азаматы, ардагердің ұрпағы Сапарғали Сәтбаев аталмыш саябақтың абаттануына демеушілік көрсеткен ауыл тұрғындарына ризашылығын білдіріп, ағаш көшеттерін отырғызу жұмыстарына атсалысқан жас буын өкілдеріне «Жұлдыздарың жарық болсын!» деп, ақ батасын берді.



Сенбілік соңында ауыл әкімі Ермек Өнербеков ағаш көшеттерін отырғызуға белсенділік көрсеткен жастарға ауыл тұрғындары атынан алғысын білдіріп, «Ауылдың болашағы бүгінгі жастардың қолында. Осындай игі шараларға үнемі атсалысып, ауылды көркейту жұмыстарын бірлесіп атқарайық» деп, алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар жайында өзінің ойын ортаға салып, ауыл жастарының идеясына құлақ түрді.

Саябақтарда алуан түрлі ағаштар мен көздің жауын алатын гүлдер жайқатылып өсіп тұрса, ауыл көркін ажарландырып тұрады. Көрікті саябақтың ішіне кірген адам да таза ауада еркін тыныстап, көтеріңкі көңіл-күйде демалып қайтады.

Осыны ескерген бакбактылықтар өздерінің ауызбірліктерін көрсетіп, ауыл ішіндегі саябақты көріктендіру мақсатында ол жерге ағаш көшеттерін отырғызып, ауқымды жұмысты жүйелі атқарды.

Дана халқымызда «Жұмыла көтерген жүк жеңіл болады» деген қанатты сөз бар. Бакбактылықтардың да бұл атқарған жұмыстары ауыл тұрғындарының ауызбірлігінің арқасында жүзеге асқан игі бастама деп білеміз.

«Ауылына қарап азаматын таны!» демекші, Бакбакты ауылының азаматтары қолға алып, ауызбірлікпен атқарған жұмыстары өзгелерге үлгі – өнеге боларлықтай.

Жақында ғана аталмыш саябаққа соғыс және еңбек ардагері Алтынбай Сәтбаевтың есімі берілгені баршамызға аян. Міне, содан бері саябақ көркі ардагердің ұрпағының қолға алуымен гүлденіп келеді. Оған нақты дәлел жоғарыдағы айтылған осындай іс-шаралар десек, ақиқаттан алшақ кетпейміз. Сөзіне ісі сай азаматтың игі істері басқа жандарға жұғысты болса деген тілек тіл ұшына орала береді.

Ендігі жерде ауылды көгалдандырып, көркейту мақсатында қолға алған істері берекелі болып, еңбектеніп отырғызған ағаш көшеттері келер көктемде өсіп – өніп, жайқалып тұруына тілектес болайық, ағайын!

Бақтығали ДӘУІТБАЕВ,
Балқаш ауданы.

● ФИЛОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ҒАЛЫМ - ПЕДАГОГ ТҰРСЫНОВ ДӘРІҒҰЛДЫҢ ТУҒАНЫНА 115 ЖЫЛ

ҮЛГІ ТҰТАР АҒАМЫЗДЫҢ ӨМІР ЖОЛЫ

Ғалым және педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор, ұлттық мектептерде орыс тілін оқытудың заманауи әдістемесінің негізін салушы Тұрсынов Дәріғұл Тұрсынұлы 1910 жылдың 20 қарашасында, Семей губерниясы, Қарғалы ауданы, Ақчетав болысының № 11 ауылында (бұрынғы атауы), қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, дүниеге келген.

2 сыныпты ауыл мектебінен оқып, 1920 жылы Қарқаралы кеңестік еңбек мектебіне 3- сыныпқа түседі. 1927-28 жылдары Ташкент қаласындағы жоғары оқу орындарына дайындайтын курсқа түсті. Ұстаздық еңбек жолын, 1929-33 жылдарда Ташкент Біріккен Орта Азия әскери училищесінде бастады. Кейін, 1933 жылы денсаулық жағдайына байланысты, Фрунзе қаласына көшіп, республикалық техникумда ұстаздық еңбегін орыс тілі мұғалімі болып жалғастырды. Еңбек ете жүріп, өз – өзін дамытуды, білімін шыңдауды мақсат етті. 1937 жылы Орынбор қаласындағы педагогикалық институтқа оқуға түсіп, 1939 жылы аталған оқу орнын аяқтады, (1939 жылы Орынбор қаласындағы педагогикалық институты мен Ақтөбе мұғалімдер институты біріктірілген болатын) осы оқу орнында

орыс тілі кафедрасының меңгерушісі қызметіне тағайындалды. Сол жылдардағы халықтың басына төнген қиын жағдайлар бұл отбасын да айналып өтпеді, басына келген қиындықтардың себебімен, 1946 жылы Пржевальск қаласына көшіп, осы қаладағы педагогикалық институттың орыс тілі кафедрасының меңгерушісі қызметінде болды. 1948 жылы РСФСР Философия академиясының Оқыту әдістемесі институтының Ғылыми кеңесінің мәжілісінде «Қазақ мектептерінде орыс тілін оқытуда орыс және қазақ тілдерінің грамматикалық құрылымының салыстырмалы талдауын қолдану» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. 1959 жылы Дәріғұл Тұрсынов ұлттық метептерде орыс тілін оқытудың жаңа, концентрлік әдістемесін алға тартты, содан кейін оның «Түркі

тілдес студенттер контингенті бар университеттерде орыс тілін оқыту әдістемесінің очерктері» атты еңбегі ілгері болды. Дәріғұл Тұрсыновтың еңбегі көптеген шет елдерде, атап айтсақ, Англия, АҚШ, Шотландия, Монғолия, Жаңа Зеландия мемлекеттерінде үлкен танымалдыққа ие бола бастады. 1962 жылы көптен күткен арманы орындалып, Қазақстанға келіп, Алматы қаласындағы Қыздар педагогикалық институтында орыс тілі кафедрасының меңгерушісі болады. 1965 жылы «Одақтық республикалық университеттерінде орыс тілін оқыту әдістемесінің негізгі мәселелері» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғап шығады.

Орыс тілін оқытудың кешенді- концентрлік әдісі Д.Тұрсыновты көрнекті ғалым және педагогика саласындағы жаңашыл ретінде танымал етті. Ол өзінің ғылыми- әдістемелік мектебін құрды, оның «Ұлттық мектептерде орыс тілін оқыту жүйесі» барлық республикаларда мойындалып, жүзеге асырылды.

Дәріғұл Тұрсынов көптеген кітаптардың авторы. Сонымен бірге, оның жетекшілігімен әртүрлі одақтық республикалардан 36

педагогика ғылымдарының кандидаттары мен докторлары диссертация қорғады.

Тұрсынов Дәріғұл Тұрсынұлы белсенді ғылыми- педагогикалық еңбегі үшін Н.К. Крупская атындағы медалімен, «Тылдағы ерен еңбегі үшін» медальдарымен, Қазақ және Қырғыз республикаларының «Халық ағарту ісінің үздігі» құрметті атағымен және КСРО Білім министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Тұрсынов Дәріғұл Тұрсынұлы жары Вагапова Халида Закирқызымен

7 бала (3 қыз, 4 ұл) тәрбиелеп өсірген үлгілі тұтар отбасы.

1985 жылы 29 желтоқсанында, бұрынғы Кеңес Одағына танымал болған Тұрсынов Дәріғұл Тұрсынұлы, кенеттен қайтыс болды.

2008 жылы Тұрсынов Дәріғұл Тұрсынұлының құжаттарын, ұлы Тұрсынов Едіге Дәріғұлұлы Алматы облысының мемлекеттік архивіне сақтауға, сый ретінде тапсырды. Қазіргі таңда №2279 қор иесі Тұрсынов Дәріғұл Тұрсынұлының 1927-2008 жылдар аралығын қамтитын 94 бірліктен тұратын ісі сақталуда.

Ж. БІРГЕБАЕВА,
Алматы облыстық архивінің архивісті

ЕЛ КЕЛЕШЕГІ

АУДАНЫМЫЗДА ТУРИЗМНЫҢ ДАМУЫ
ТАЛҚЫМАНДЫ



Жуырда аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен «Туризм – экономиканың жаңа бағыты» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Іс-шара «Нан Таңірі Village» демалыс орнында өтіп, туризм саласындағы өзекті мәселелер мен даму перспективалары қаралды.

Дөңгелек үстелге Райымбек ауданы әкімінің орынбасары Жақсылық Жанарбек, Алматы облысы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Жанна Қырғызалықызы, өңірлік кәсіпкерлер кеңесінің мүшесі Ләззат Ботабекова, облыстық туризм басқармасының бөлім басшысы Назерке Айтукызы, облыстық туристік ақпараттық орталықтың өкілі Мақпал Алмасқызы және аудандық мекеме

басшылары мен туризм саласындағы кәсіпкерлер қатысты. Кездесу барысында қатысушылар аудандағы туризм инфрақұрылымын дамыту, экотуризм мен агротуризм бағыттарын кеңейту, гидтерді даярлау және мемлекеттік қолдау тетіктерін талқылады. Туризм аймақ экономикасын әртараптандырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беретін маңызды сала екені анық. Райымбек ауданы-табиғаты мен тарихи мұрасымен еліміздің туризм картасындағы ерекше орынға ие мекен. Ауданымызда туризм дамыса халықтың да әлеуметтік-экономикалық ахуалы дамिताыны сөзсіз.

Өз тілшімізден
Райымбек ауданы.

ӨМІРЛІК 40 ҚАҒИДА.

- Мейірімді болыңдар! Құдай мейірімді адамдарды сүйеді.
- Кісіге қылдай қиянат жасама!
- Ешкімге, ешқашан зияныңды тигізбе!
- Қайырлы ас ішкің келсе, бір жапырақ наньңды маңдай тереңмен тап!
- Аузынан жоқ дейтін адамнан ақша сұрама. Ол ақшасын барын қадірін білмей жүр ғой.
- Ешнәрсені ысырап етпеңдер.
- Ағайынмен қарым-қатынасыңды үзбе.
- Қолыңдағы барыңды жұртпен бөлісіп жүр. Құдай сені аш қалдырмайды.
- Еңбектің көзін тауып әрекет ете біл!
- Артық дүние жинама. Бәрінің сұрауы болады.
- Жесір мен жетімді ая, ақысын жеме, оларға қайырымдылық жаса.
- Салған үйің де, алған дүниен де саған қызмет етсін. Дүние жинап, бетіне қарап отырма.
- Үйіңе қандай қонақ келсе де, жақсы күтіп, шығарып сал. Қонақты ренжітпе. Қай қонақта құт барын Құдай ғана біледі!
- Садақа бер. Бәле-жаланың бетін қайтаратын да, қателігінді жуып шаятын да сол садақа.
- Қанағаттан артық байлық болмайды. Қанағатшыл бол.
- Құдайдың құдіретінде шек жоқ. Құдайдың рахымынан құр қалсаң, жаныңа тыныштық таба алмайсың.
- Жабыр - адамның ұлы қорғаны. Ашуың келсе қорғанына арқа сүйе!
- Ойланып сөйле. Маңызды, түйнегі жоқ сөз кісіні мезі етеді.
- Қарыз аманат. Қарыз алсаң ұмытпай жазып қой, және тезірек құтылуға тырыс. Адам ажалы қашан келетінін білмейді.
- Дін де, саясат та өткір қылыш сияқты. Абайлап ұстамасаң қолыңды кесесің, жараланасың. Дін ұстануда саясатқа жоламай, ата-бабаның жолымен жүрген абзал.
- Үй ішінен үй тікпе. Бауырыңмен тату бол!
- Өтірік айтпа. Өтірікпен алға баспайсың.
- Барлық адамның ақыл дәрежесі бірдей болмайды. Себебі, ақыл-

- ды адам кіммен қалай сөйлесуді біледі.
- Құран оқылған үйде береке көп болады. Құран оқып ата-бабаларға жиі дұға бағышта.
- Бүгінгі ісінді ертеңге қалдыра берсең, жүгің ауырлайды. Жұмысты уақытында бітірген жөн.
- Кісінің қателігін жұрттың көзінше бетіне баспай, оңашада айт. Есті адам қателігін тез түсінеді.
- Араз адамды татуластырсаң сауапты іс жасағаның. Өз ара татуластыққа ештеңе жетпейді.
- Күн шықпай тұр. Таңғы нәсіп тәңірден. Артық ұйқы нәсібіңнен құр қалдырады.
- Ісіңе адал, бір сөзді бол!
- Құдайды жиі есіңе ал! Қиналсаң жәрдем сұра, жетістігіне шүкір ет. Адамның бергені таусылса да, Құдайдың берері таусылмасын.
- Дүниенің тұтқасын ұстап тұрғандай шіренбе. Дүниеге кірпіш боп қалануға ұмтыл.
- Уәдеде тұрмаған адамда иман болмайды. Уәде берсең орында, иманыңды сақта!
- Кісімің, кеуде көтеруден сақтан. Құдай аспандаған пендесін ұнатпайды.
- Науқастың көңілін сұрауды ұмытпа. Денің сау кезінде денсаулықтың қадірін біл.
- Дүниенің байлығын уысында ұстап тұра алмайсың. Иман байлығын жинай біл!
- Ұйқымен көп уақытыңды бос өткізбе. Мәңгілік ұйқыға кетер күн де келер.
- Көршіңмен тату бол. Өзің тоқ болып, көршің аш отырмасын.
- Бастаған ісінді орта жолдан тастама.
- Кешірімді бол. Құдай кешіріп тұрғанда, сен оның алдында кімсің?
- Дүниенің түбі тым келте.

Мынау қамшының сабындай қысқа ғұмырда жақсының қадірін біле жүрейік.

Дайындаған Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Білім беру мекемелерінде
контагиозды
гельминтоздың
сырқаттанушылығының
алдын алу

Қазіргі таңда балалар арасында жиі кездесетін аурулардың бірі – гельминтоздар, яғни ішек құрттары тудыратын аурулар. Әсіресе контагиозды гельминтоздар (жұқпалы түрлері) мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар арасында кең таралған. Бұл аурулар балалардың денсаулығына, оқу үлгеріміне және жалпы дамуына кері әсер етеді.

- Негізгі себептері:
- Жеке бас гигиенасын сақтамау (қолды жұмай тамақ ішу, тырнақ астының кір болуы);
 - айналадағы заттардың (ойыншық, үстел, орындық) ластануы;
 - жануарлармен және топырақпен байланыс кезінде жұқтыру;
 - білім беру мекемелерінде санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталмауы.
- Белгілері:
- Іштің ауруы, табеттің төмендеуі;

- Әлсіздік, ұйқысыздық;
Тітіркенгіштік, бас ауруы;
Терінің бозаруы, салмақ қосудың баяулауы;
Кей жағдайларда қышыну, әсіресе түнде.
Алдын алу шаралары:
- Балалардың жеке гигиенасын сақтау:
 - Қолды сабындап жиі жуу;
 - Тырнақты қысқа алып жүру;
 - Тамақ ішер алдында және дәретханадан кейін міндетті түрде қол жуу.
 - Білім беру мекемелерінде санитарлық бақылау:
 - Асхана мен санитарлық тораптардың тазалығын сақтау;
 - Балалардың төсек-орын, ойыншық, ыдыс-жабдықтарының таза болуын қадағалау.
 - Медициналық тексерулер:
 - Балаларды уақтылы профилактикалық тексеруден өткізу;
 - Ауру анықталған жағдайда оқшаулап, емдеу жүргізу.
 - Ата-аналар мен педагогтар арасында түсіндіру жұмыстары:
 - Гигиеналық дағдыларды үйрету;
 - Құрт ауруларының зияны мен алдын алу жолдары туралы үгіт-насихат жүргізу.
- Қорытынды
- Контагиозды гельминтоздардың алдын алу – әр баланың денсаулығын қорғаудың басты кепілі. Білім беру мекемелері мен ата-аналардың бірлесе әрекет етуі арқылы бұл аурулардың таралуын азайтуға толық мүмкіндік бар.
- Тазалық пен ұқыптылық – денсаулықтың негізі екенін әр бала білуі тиіс.

Автожанармай
және автогаз құю
станцияларына
қойылатын
санитариялық
талаптар!

Автожанармай құю (АЖҚС) және автогаз құю (АГҚС) станциялары — халыққа қызмет көрсетумен қатар, қоршаған орта мен адам денсаулығына әсер ететін нысандардың бірі. Сондықтан мұндай объектілердің қызметі санитариялық талаптарға сай ұйымдастырылуы қажет.

Қазақстан Республикасының «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы туралы» Кодексі және ҚР ДСМ № 98 бұйрығымен бекітілген санитариялық қағидаларға сәйкес, жанармай және автогаз құю станциялары мына талаптарды орындауы тиіс:

- Орналасуы: Станциялар тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардан белгіленген арақашықтықта

орналасуы керек. Санитариялық-қорғаныш аймағының болуы міндетті.

- Аумағы: Территориясы таза, абаттандырылған, жауын және ағынды суларға арналған жабық жүйемен қамтылуы тиіс.
- Сумен және санитариялық жағдаймен қамту: Қызметкерлер ауыз сумен, санитариялық тораптармен қамтамасыз етіледі. Дәретханалар мен тұрмыстық бөлмелер санитариялық талаптарға сай болуы қажет.
- Желдету және ауа сапасы: Ішкі үй-жайларда температура мен ауа айналымы қалыпты деңгейде ұсталып, зиянды булардың таралуына жол берілмейді.
- Қызметкерлердің қауіпсіздігі: Арнайы киімдер, жеке қорғаныш құралдары және мерзімдік медициналық тексерулер міндетті түрде жүргізіледі.
- Өндірістік бақылау шеңберінде су, ауа, топырақ және жұмыс жағдайлары тұрақты түрде тексеріледі. Барлық зерттеу нәтижелері арнайы журналдарда тіркеліп, есепке алынады.
- Санитариялық талаптарды сақтау — тек заң талабы емес, ол ең алдымен қызметкерлер мен тұтынушылардың денсаулығын қорғаудың кепілі.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

БОЛҒАН ОҚИҒАЛАР

ЕКІ
ӘҢГІМЕ

Мына бір жағдайлар әлі күнге дейін есімнен кетпей жүр. Жазбасыма да болатын еді. Алайда, жазбасыма тағы болмады...

ҚАЗАҚҚА
БЕРІЛГЕН ЕТІК

Қарындасым Ленинградта оқимын деген соң сол қалаға оқуға апарған едім. Қала ішінде трамвайға отыруға тура келді. Ұзамай трамвайға бойы ұзын, жіңішке келген қарт кірді. Мен тұрып орнымды беріп едім, отырмады. Билет алып берейін деп едім, тоқтатып тастады. «Өзім аламын» деді. «Сіз үшін қарындасым билет алып қойды. Маған алуды ұмытып кетіпті» деп, тағы бір билет алдым. Менен «Қазақсың ба?» деп сұрады. «Иә» дедім.

Мен секілді қазақты көрген соң ақсақалым қарап отырсын ба, ескі бір әңгімесінің тиегін ағытып жіберді. Соғысқа қатысқан екен. соғыс кезінде бір оқиға болған көрінеді, соны айтып берді. Өлгі қартым ол кезде қылшылдаған жас. Қасындағы жолдасы екеуі жарылған минадан жарақат алып, госпитальге түседі. Досының бір аяғы жұлынып кеткен екен. Госпитальден шығарда екеуіне жаңа етік берілген көрінеді.

Дәл сол күні Қазақстаннан бір эшолон поезд келіпті. Тепло-воздың алдында Жамбыл Жабаевтың портреті ілініп, астына «Ленинградцы – дети мои» деген жазу жазылыпты. Вагондар толы солдаттар мен қала тұрғындарына арналған азық-түлік екен. «Менің алдыма тоқтаған жүк вагонының қақпасын екі қолымен керіп, бойы екі мердей ірі қазақ жігіті тұрды. Жалаңбас, арқасында автомат. Аяғында етігі жоқ екен, шүберек орап алыпты. Бір аяқты досым мойнындағы етігін алып әлгі жігітке «сен қазір передовойға барасың, мына етікті ал, маған ол қажет емес» деп ұсынды. Өлгі:«Жоқ, алмаймын, рахмет!» деп басын шайқады. «Қазір лапты орап жүру сән» деді. Лапті дегені аяғына етік орнына матадан оратылған дүние болса керек. Аяғына шүберек орағаннан гөрі жаңа етік кигені жақсы ғой, кім жек көрсін?! Алайда, етікті алмаған қазақ жігіті жаралы жауынгердің рухын, адамгершілігін, азаматтығын сыйлағаны болса керек, алмайтынын сыпайы ғана жеткізгені байқалды.

«Қазақстан жайында әңгіме болса, сол майданнан жаралы болып келе жатқан қарт жауынгердің рухын аспандатқан қазақ жігіті есіме түседі.»-деп, трамвайдағы ақсақалым әңгімесін аяқтағаны. Ленинградта қазақ атаулы аз жер ғой. Мені көргенінен алған әсері болса керек, «бүгін үйге барып, трамвайда таза қазақты көрдім» деп, кемпіріме мақтанамын» деп қалды қоштасар сәтте.

ПАТША ТАҒЫНДА ОҚЫЛҒАН ҚҰРАН

Қарындасым Ленинградта оқитынын жоғарыда айттым. 1980 жылы ақпан айында қарындасымды оқудан алып қайтуға анам Мариям барды. Барғанда бос жатсын ба?! «Жақсы жерді көрмекке» дегендей, уақыт тауып, қаланы көріп, эрмитажды аралағаны бар. Сол жерде Кенесары ханның басын көріп: «Менің бабамды қорлағаны несі?» деп жылаған екен.

Шаршағасын, дем алайын деп бір биік, қымбат темірмен, жылтырақ тастармен безендірілген орындыққа отыра кеткен ғой. Музей қызметкері келіп: «Бұл патшаның тағы, келушілерге отыруға болмайды» депті. «Кішкене ғана демалайын, қазір тұрамын» деген екен. Өлгі музей қызметкері үлкен кісіні сыйлағаны болса керек, қарсы келмей, рұқсатын беріпті.

Анам демін басып, күш жиған соң, сол жерде бос кетпейін деп, хан бабасының жолына арнап қолын жайып, құран оқыған. Орыс қаласының төріндегі орыс патшасының тағында отырып, Кенесары бабасына құран оқуына не деген жүрек керек десеніңші?! Сол әрекетімен орыс патшасының тағын басып, баба әруағын орыс патшасынан жоғары қойғандай болғанын сезінемін. Әлі күнге дейін «Жаратқан иеміз сол оқылған Құранды қабыл етсін!» деймін.

Марат ҚОБЛАНОВ.